

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ТАРИХ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ИНСТИТУТЫ
САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ПӘНДЕР
КАФЕДРАСЫ



БЕКІТЕМІН

Тарих және құқық
институтының директоры

Б.С. Жұмағұлов

« 23 » 05 2018 ж.

«6М020100 - ФИЛОСОФИЯ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША
ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2018

Қабылдау емтиханының бағдарламасы:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі «Білім туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылдың 17 маусымындағы № 261 бұйрығымен бекітілген магистратура мен докторантураға қатысты «Қазақстан Республикасындағы жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарты»;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 19 қаңтарындағы № 109 қаулысымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгі ережесі»;
- ҚР БЖҒМ 2013 ж. 10 сәуіріндегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 158 бұйрығымен бекітілген «6М020100 - Философия» мамандығының үлгілік оқу жоспары негізінде даярланды.

Құрастырған: ф.ғ.д., профессор

Қабаева Ж.Ә.

Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының мәжілісінде талқыланып, қабылданды: № 10 хаттама, «22» мамыр 2018 ж.

Кафедра меңгерушісі:
ф.ғ.д., профессор

Әбсаттаров Р.Б.

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Тарих және құқық институтының Ғылыми кеңесінде бекітілді: № 10 хаттама, «25» мамыр 2018 ж.

\

Мамандыққа кіріспе

Бағдарлама философия бойынша магистратурасына түсу үшін емтиханға дайындалуға арналған және ол философия ғылымы негіздерінің бакалавриат бағдарламасы көлемінде философия курсымен ізденушілерге таныс болуы ескерілген.

Сұрақтар философия бойынша бакалавриаттың мемлекеттік емтиханның типті программасының негізінде құралған және философияның негіздері бойынша пәндермен оның негізгі бөлімдерінің мазмұндарына сәйкес келеді.

Сұрақтар программаның бөлімдері бойынша берілген. Кіріспе емтихан философия, танымдық әдістемелік жолдар, білімдердің барлығына ортақ қағида және диалектиканың негізгі принциптері мен заңдары терін негізгі бағыттарының генезисімен теориялық негіздері онтология, гносеология, адам және қоғамның мәселелері бойынша білімдерді тексеруді көздейді.

Бұл программа және сұрақтар тізімі негізінде философияның теориясы бойынша екі сұрақ және философия тарихы, таным теориясы, онтология, және адам және қоғам мәселелері бойынша бір сұрақ қосылған емтихандық билеттер құрастырылады.

ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ СИПАТЫ (тақырыбы, өткізу түрі, бағалау критерийлері)

Емтихан тақырыбы

Негізгі тақырып философияның түйінді мәселерін қамтиды: философия пәні, философиялық ойлар тарихы, онтология, таным теориясы (гносеология), философиядағы адам және қоғам мәселесі.

Емтиханды өткізу түрі

Қабылдау емтиханы емтихан билеттері бойынша ауызша сұрау түрінде өтеді оған философия ғылымның түйінді сұрақтарының үшеуі кіреді

Баға критерийлері

«Өте жақсы» баға(10-8 балл) – барлық бағдарламалық материалдарды терең білу, қаралатын құбылыстар мен процестердің мәні мен өзара байланысын түсіну, аралас пәндердің негізгі сипаттарын терең білу, емтихан комиссиясы мүшелерінің барлық емтихан билеттері мен қосымша сұрақтарына логикалық тұрғыдан толық және нақты, дұрыс жауап беру.

«Жақсы» баға(7-6 балл) – барлық бағдарламалық материалдарды әжептәуір толық білу, қаралатын процестер мен құбылыстардың мәні мен өзара байланысын білу, қойылған сұрақтарға берген жауаптардың кейбір кемшіліктерін жоя отырып, тыянақты, нақты жауап беру.

«Қанағаттарлық» баға (5-4 балл) – бағдарламаның негізгі сұрақтарын терең білу және түсіну, қойылған сұрақтарға көп қателеспей, емтихан алушының қосымша сұрақтарына мүдірмей жауап беру.

«Өте жаман» баға(3-1 балл) – негізгі бір сұраққа дұрыс жауап бермеу, жауапта өріскел қате жіберу, талданып отырған мәселенің мәнін түсінбеу, қосымша сұрақтарға тыңғылықты және нақты жауап бермеу.Бағдарлама мазмұны

Бағдарлама мазмұны

Тақырып 1. Философия пәні

Философия, оның пәні мен тағайындалылығы. Философия нені зерттейді? Философия пәнінің жеке ғылымдар пәнінен айырмашылығы қандай? Әлемді философиялық танудың қажеттілігі. Философиялық білімнің құрылымы. Құрылымдағы әрбір элементтің орны.

Философияның функциялары: эвристикалық, гносеологиялық, аксиологиялық, герменевтикалық, әдіснамалық т.б. Философия танымының өзгешелігі мен құрылымы. Философияның негізгі әдістері. Философияның негізгі мәселесі. Оны жетудің екі жағы.

Дүниеге көзқарастың ұғымы. Философия дүниеге көзқарас ретінде. Миф, дін, философия. Онтология, гносеология, логика, этика, эстетика және аксиология - философияның негізгі бөліктері. Диалектика және метафизика. Диалектика ұғымы. Объективтік және субъективтік диалектика. Диалектика принциптері. Қозғалыс және даму. Сандық және сапалық өзгерістердің бір-біріне ауысуы заңы, қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күрес заңы, терістеудің терістеуге шығару заңы.

Тақырып 2. Философиялық ойдың тарихы

Ежелгі Шығыс философиясы. Байырғы Индия философиясы: Буддизм, веданта, чарвака, локаята, джайнизм. Ежелгі Қытай философиясы: конфуцианство, даосизм.

Антикалық философия: негізгі мектептер және олардың сипаттамасы. Антикалық философия тарихының кезеңделуі. Антикалық философияның алғашқы натурфилософиялық ілімдері. Түпкі бастауларды іздеу. Пифагор, Эфестік Гераклит; диалектиканың шығуы. Элей мектебі. Парменид. Зенон.

Софистердің субъективтік диалектикасы. Протагор. Сократтың диалектикасы мен антропологиясы. Платон философиясы және оның мемлекет туралы зерттеулері. Аристотель философиясы: онтология, логика және таным теориясы. Аристотель этикасы. Аристотельдің формальдық логикасы. Ғылымдардың классификациясы. Эллинистикалық философия.

Христиандық апологетика және патристика. Августин Блаженныйдің ілімі. Ортағасырлық схоластика. Фома Аквинский философиясы. Номинализм және реализм. Ортағасырлық араб философиясы. Аль Фараби, ибн Сина, ибн Рушди, т.б. Суфизм.

Қайта өрлеу дәуірінің философиясы. Н.Кузанский диалектикасы. Пантеизм. Антропоцентризм. Гуманизм. Н.Коперник, Дж.Бруно, Г.Галилейдің ғылыми идеяларының философиялық-дүниеге көзқарастық мәні.

Жаңа Заманның философиясы. Ғылыми танымның әдістеме мәселесі және әлемнің механикалық суреттемесінің қалыптасуы. Эмпиризм мен рационализмнің күресі (Декарт, Спиноза, Лейбниц, Бэкон, Локк, Беркли, Юм). Декарттың дуализмі. Бэконның монадологиясы. Білім - күш. Қайта өрлеу философиясы және XVIII ғ. француз материализмі. Ж.Ж. Руссо, Ф. Вольтердің философиялық ілімдері. И.Кант философиясы неміс классикалық философиясының түпнегізі ретінде. И. Канттың сыни философиясы (міндеттері, мәселелері, ұғымдары). И. Кант этикасы. Гегель философиясындағы жүйе және әдіс. Л.Фейербахтың антропологиялық материализмі және гуманизмі.

Марксизм философиясы. Жаттану концепциясы. К.Маркс пен Ф.Энгельс еңбектеріндегі тарихтың материалистік түсінігі және диалектика. Қоғамдық-экономикалық формация. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы орыстың діни философиясы. В. Соловьев, Бердяев Н., Л. Шестов, П. Флоренский, т.б.

XX ғасыр философиясы: жалпы сипаттама және негізгі ағымдар. Әлемдік философиялық үрдістің бірлігі мен көптүрлілігі. Иррационализм. Өмір философиясы (А.Шопенгауэр, Ф.Ницше). Экзистенциализм. Позитивизм және неопозитивизм. Психоанализ және фрейдизм философиясы. Неофрейдизм. Қазақ ағартушылық философиясы. Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсаринның педагогикасы., Абайдың философиялық

ой-қабілетінің ерікшелігі. Ш.Құдайбердиев философиясындағы наным мен зерде мәселелесі. Шәкәрімнің «Ұш анық» шығармасы.

Тақырып 3. Онтология

Дүниені философиялық тұрғыда ұғу. Болмыс, материя негізгі категориялар ретінде. Болмыс және бейболмыс. Болмыстың негізгі формалары және олардың қатынасы. Адам болмысының өзгешелігі. Жеке және қоғамдық болмыс. Субстанция категориясы. Мән жөніндегі негізгі ілімдер: монизм, дуализм, плюрализм.

Материя философиялық категория ретінде. Материяның негізгі белгілері, олардың арақатынасы. Әлеуметтік-мәдени материалытық ерекшеліктері. Қозғалыс, даму. Дүниенің түпкі бірлігі. Материяның негізгі атрибуттері. Материяның қозғалыстын, кеңістік пен уақыттың бірлігі. Кеңістік пен уақыт материя болмысының пішіні ретінде. Әлеуметтік кеңістік пен уақыт әлеуметтік болмыстың түрі ретінде.

Тақырып 4. Гносеология

Таным философия анализінің пәні ретінде. Танымның субъект пен объект мәселесі. Білім формаларының көптүрлілігі. Танымдағы сезімдік пен рационалдықтың байланысы. Танымның эмпирикалық және теориялық деңгейлері және олардың өзара қарым-қатынасы. Философиядағы ақиқат мәселесі. Ақиқат критерийлері. Абсолюттік және салыстырмалы ақиқат. Шындық және адасу. Практика ақиқаттың критерийі. Практика және таным. Диалектика теория мен әдіс ретінде. Таным процесінің диалектикасы. Бейнелеу ұғымы – ойлаудың творчестволық мәні. Ғылым – танымның ерекше формасы. Ғылыми танымның негізгі формалары: проблема, гипотеза, заң, теория.

Философиядағы сана мәселесі. Сана адамдардың өмірлік іс әрекетінің түпкі өзегі, рухани бағыттылық пен дүниені өзгертудің бастамасы. Сана, тіл және ойлау. Сана және өзін өзі тану. Саналық және бейсаналық. Классикалық және қазіргі замандық психоанализ бейсаналық құрылымы жөнінде. З.Фрейдтің бейсаналық концепциясы. К.Юнг архетиптер және коллективтік бейсаналық жөнінде. Қоғамдық және жеке-дара сана. Қоғамдық сананың негізгі формасы және олардың өзара байланысы. Бұқаралық сана туралы ұғым.

Тақырып 5. Философиядағы адам және қоғам мәселесі

Қоғам – әлеуметтік философияның пәні ретінде. Адам және қоғам мәні туралы философиялық ілімдер. Адамдағы табиғилық пен қоғамдық жақтардаң арақатынасы. Материалдық және рухани өндірістер, тарихи процесстерде олардың өзара байланысы. Қоғамның фунциясы және дамуы. Тарих әлеуметтік өмірдің шынайылығы ретінде. Тарих философиясы. Қоғамның құрылымы. Маркстік (таптық) қоғамдық бөлу және стратификация теориясы. Әлеуметтік мобильділіктің түсінігі. Антропосоциогенез. Еңбек, сана, ұжымдық адамдық тектің іске асу формалары ретінде. Қоғам және табиғат. Биосфера және ноосфера түсініктері. Экология мәселесі: олардың себебі мен шешу жолдары. Философиядағы адам мәселесі. Адамның тағайындылығы және оның негізгі биологизаторлық және әлеуметтік түсіміктемелері. Философиядағы тұлға мәселесі. Персонализм. Түсініктердің байланысы: адам, индивид, индивидуалдық, тұлға. Еркіндік және тұлғаның жауапкершілігі. Еркіндіктің адамның мәні әрі өмірлік құндылығы екендігі. Мәдениет және өркениет мәселелері. Мәдениет адамдық әлем ретінде, олардың өзін өзі анықтау мен өзін өзі дамыту жолдары. Мәдениеттің бірегейлік және әртүрлілік мәселесі. Мәдениеттер диалогы. Қоғамды түсінудің әртүрлілігі: а)мәдениеттанулық, б)экзистенциалдық, в)марксистік, г)постиндустриялық, информациялық. Қазіргі замандағы глобалдық мәселелердің философиялық мазмұны туралы көзқарастар. «Мәңгілік ел» идеясының философиялық аспектілері.

Ұлт жоспары – 100 қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформаны жүзеге асыруға бағытталған 100 нақты қадамы.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Үшінші модернизациясы жаһанды бәйсекелестік қабілет» атты жолдауының философиялық идеялары.

Н.А.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласындағы сыни ойлау туралы.

Ұсынылған әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Лавриненко В. Философия:учебник. 5 – изд.: М, 2013.
2. Габитов Т.Философия.Учебник.-ЭУ.-2012г
3. Гаспарян Д.Э. История социальной философии- учебное пособие. Издательство: М: Вузовский учебник; ИНФРА-М: 2012.
4. Канке В.А. Современная философия. М. 2010
5. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» // Егемен Қазақстан. 31.01.2017.
6. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы // Егемен Қазақстан. 12.04.2017. №70 (29051)

Қосымша әдебиеттер:

1. Антология античной философии. – М., 2001
2. Рассел Б. История западной философии. Т. 1. – М., 1993
3. Реале Д., Антисери Д. Западная философия от истоков до наших дней. – СПб, 1994
4. Лебедев С. А. Философия науки. Учебник для магистров.. 3-е изд.— М.: Юрайт, 2013.
5. Кабаева Ж.А.Батыс –Қазақстан- Шығыс: таным және мәдениет. –Алматы: Лира, 2017..
6. Кабаева Ж.А. Ғылымның дербес аспектілерін философиялық тұрғыдан ұғыну. – Алматы, 2017.

Анықтамалық әдебиеттер

1. Философский словарь/ Автор – составитель Подоприга. – 2 – е изд. Ростов-на-Дону. 2013.
2. Философия в вопросах и ответах: Учебное пособие. – М., 2010
3. Философский энциклопедический словарь. – М., 1997 (1989,1983)

Нормативті әдебиеттер:

1. Пивоев В.М. Философия культуры. Уч. п.-М.: Академический проект: Гаудеамус, 2009.
2. Некрасова Е. Философская антропология. – М.: Университетская книга.2011
3. Барулин В.С. Социально-философская антропология.–М.: Академический проект, 2011.
4. Гуревич П.С. Философская антропология. Учеб пособ.- М.: Омега, 2011